Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

18 маусым сейсенбі
№48 (2058)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Әрине, «Жеті жезде бірігіп, әке болмас» деген қазақ сөзі осы бір ойды тайға таңба басқандай айқын етіп көрсетіп тұр. Өткен жылы маусым айының үшінші жексенбісіне Әкелер күні деп айдар тақтық. Бұл өз кезегінде елдегі отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге, отбасы институтын нығайтуға және әкелер институтын дамытуға ерекше әсер етеді дейді білетіндер. Атаулы күн мен атаулы орталықтар расымен, әке мәртебесін арттырып, беделін көтере ме?!

БІР ӘКЕНІҢ ТӘРБИЕСІН ЖҮЗ МЕКТЕП БЕРЕ АЛМАЙДЫ...

«Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі бар. Осы ұйымның облыстағы филиалын Ержан Искендер басқарады. «Әкеңнен сұран», «Әкең бастасын», «Әкеңе бер» деген тәрбиенің қалып бара жатқаны шығар, бұл тақырып мінберден түспей тұр.

– Байқап қарасаңыз, біздің қоғамдағы, білім ошақтарындағы бала тәрбиесі негізінен аналардың, әйел мұғалімдердің мойнында. Он жыл бұрын да осылай болған, дәл солай жалғасып келеді. «Әкелер одағы» – әкелер қауымын мектепке тарту керегін, бала тәрбиесінде әкенің рөлі басым екенін ойлана келе құрылған кеңес.

Ұйымға әдейілеп тіркеліп жатқан ешкім жоқ. Дегенмен қоғамдық бірлестіктің айналасында жүрген 5 мыңдай адам бар. Әртүрлі іс-шаралар кезінде қатарымыз толығып отырады. Оның ішінде жерлестеріміз кездесулер кезінде белсенділік танытып, ой-пікір білдіруден аянып қалған емес. 2012 жылдан бері одақ тарапынан ауқымды жұмыс атқарылды. Ол кездері ата-аналардың өмірлік ұстанымын өзгертуге күш салсақ, кейінгі жылдары бірқатар заңнаманың талабын күшейтуге, оны өзгертуге, толықтыруға ықпал етіп келеді. Оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заң қабылдау, жасөспірімдердің вейп шегуіне, 21 жасқа толмағандарға энергетикалық сусын сатуға тыйым салу мәселелеріне атсалысты, – дейді «Әкелер одағының» облыстық филиал төрағасы.

2-БЕТТЕ

АЗЫҚ-ТҮЛІК АЛАҢДАТЫП ТҰР

Облыстық статистика департаментінің мәліметінше, жыл басынан бері аймақтағы азық-түлік бағасы 2,7 пайыз өскен. Қалтасындағы қаржының жартысын азық-түлікке жұмсайтын халыққа бұл көрсеткіш оңай болмай тұр. Мардымсыз жалақы, тұрақсыз баға да қыспаққа алды. Көбі биліктен әрекет күткенімен, ол жақта тұралаған тірлік. Бұрын да оңған емес. Мысалы, Үкімет «Ұлт жобасы» секілді азық-түліктің өндіріс өлемін ұлғайтуға арналған бағдарламалар бастағанымен, нәтиже шықпаған. Ал миллиондап қолдау алған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларынан қайран жоқ. Ендігі бағыт қалай құбылады? Азық-түлік бағамына не әсер етіп отыр? Шешімі қандай? Сауал әлі өзекті. Мәселені Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіріп отырған екі олқылықтан іздеген жөн. Оның бірі – импортқа байланған нарық, келесісі – ішкі өндірістің кешеуілі. Осы қос себеп саланы ілгерілетуге қолбайлау. Олай дейтініміз, дүкенге бара қалсаңыз, қазақстандық өнімге қарағанда, импорттық азық-түліктің саны басым. Баға саясаты да сырттың ыңғайына қарай қойылады деген сөз. Демек, қауқарсыз өндіріс пен импорт көлемі бәсекелестіктің түбіне жетіп отыр. Басқа болжам жоқтың қасы.

ИМПОРТ ҮЛЕСІ: ДИСПРОПОРЦИЯ ДӘРМЕНСІЗДІГІ

Алғашқы тармақты тарқатайық. Қазір импорт үлесі отандық өндірістің қысқаруына байланысты бірнеше есе өсті. Ал қазақстандық өндірушілер сападан ғана емес, бағадан да ұтылып жатыр. Мәселен, Ресей мен Белоруссияның біздегі импорттық үлесі өзімізге қарағанда әлдеқайда жоғары. Біз аталған мемлекеттер ішінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау деңгейі бойынша тең емес жағдайдамыз.

Мұны Мемлекет басшысы да бірнеше мәрте айтып, «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында шегелей сөйлеген еді.

«Қазір көптеген ел ішкі нарықты қорғау шараларын белсенді қолданады. Дамыған мемлекеттердің өзі протекционистік өнеркәсіп саясатына көшті. Дүниежүзілік сауда ұйымының бағалауынша, біздің елдегі ішкі нарықты қорғау деңгейі төмен, небәрі 128 тарифтік емес шара. Сондықтан біз саудасаттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасауымыз керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-БЕТТЕ

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

CNN CNN CNN

ЖАПОНИЯДА ЖАҢА БАКТЕРИЯ ТАРАУДА

Жапонияда белгісіз бактерия пайда болды. Әзірге аурудың емі табылмаған, тек салдары туралы ақпарат айтылуда. Дәрігерлердің сөзінше, бактерия жұқтырған науқас екі тәулік ішінде жан тапсыруы мүмкін. Жаңа вируса стрептококкты токсикалық шок синдромы, қысқаша STSS деген атау берген. Тақырыпқа қатысты маңызды ақпарды CNN арнасының тілшілері әзірлеген материалдан оқуға болады.

Ғаламдық БАҚ тілшілері Хелен Риган, Джунко Огура және Ринка Тоншо соңғы мәліметтерді мысалға келтірген. Айтуларынша, Жапонияның денсаулық сақтау министрлігі маусым айында STSS жұқтырған науқас санын 977 адам деп көрсетіпті. Оның ішінде науқастардың 30 пайызының жағдайы өліммен аяқталған. Ал қаңтар мен наурыз айының аралығында 77 жапон көз жұмған.

«Инфекциялық ауруларды зерттеу ұлттық орталығының дерегінше, жаңа вирус адам ағзасын толық жарамсыз етеді. Алдымен аяқ-қол ісініп, қан қысымы төмендеп, тыныс алу нашарлайды. Вирустың бойға таралуы да тез. Мысалы, таңертең науқастың аяғы ісінсе, түс қайта тізесіне дейін ұлғайып, бірнеше күнде жан тапсыруы ықтимал. Ғалымдар ауру жұқтырғандар саны 2500-ге дейін ұлғаяды деп болжауда», – дейді тілшілер тобы.

Қазіргі таңда жапониялық дәрігерлер алдымен сақтық шарасын сақтауға үндеуде. Жеке бас гигиенасын сақтау, барлық ашық жараны емдеу керегін айтып отыр. Тіпті кейбірі аталған вирусты қызылшамен де байланыстырады. Есте болса, мамыр айының соңында БҰҰ Еуропа елдеріне қызылшамен күресуді күшейту керегін ескерткен болатын. Жыл басынан бері 56 мың еуропалық қызылшамен ауырыпты.

«Науқастардың өлімінің себебі әлі белгісіз. Десе де кей ғалым вирус жұқтырған науқастар фарингит салдарынан көз жұмуы мүмкін екенін айтуда. Сондай-ақ пандемия кезіндегі талаптың сақталмауы да вирустың таралуына ықпал еткен. Mie University Hospital маманы Киесю Танигучидің мәліметінше, вирус ашық жарада тез таралып, адамның жағдайын қиындата түседі. Сондықтан барынша профилактикалық шараны сақтау маңызды», – дейді CNN мамандары.

Батыс ғалымдарының болжамы басқа. Олар қауіпті бактерияның таралуы антибиотикті көп қабылдаудан туындайды деп санайды. Оған қоса COVID-19 иммунитетті төмендетіп, вирустар клетка жадында қалып қойған. Нәтижесінде жаңа инфекциялар пайда болуда. Бұл әзірге болжам ғана.

«Бұл жағдайдың эпидемиялық, тіпті пандемиялық ауқымы ұлғаяды дегенге сену қиын. Мұндай жағдай тіркелген өзге аймақ жоқ. Сондықтан мұны Жапониядағы антибиотик қолдану әсері мен коронавирус инфекциясының салдары деп ұғынған жөн» – дейді РҒА Орал бөлімшесінің иммунология және физиология институтының маманы Михаил Болков.

4-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Шәкизат ҚАРАТАЙҰЛЫ, «Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының басшысы:

ӘРБІР АТА-АНА ҚҰМАР ОЙЫНДАРДЫҢ, СУИЦИДТІК ОЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ ОЙЛАУ КЕРЕК

«Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі – азаматтардың ерікті бірлесуі нәтижесінде құрылған ұйым. Бірлестіктің басты мақсаты – жас ұрпақ тәрбиесіне жауапты ата-ана қалыптастыру. «Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының басшысы Шәкизат Қаратайұлымен бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі туралы сұхбаттасқан едік.

3-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛУДА

Қала тұрғындарын сапалы әрі үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында биыл Қызылорда қаласында инвестициялық бағдарлама аясында 21,5 шақырым әуе желісі мен 3 дана қосалқы станция жаңғыртылуда.

Бұл бағытта электр желілерінен бөлек, 1,2 шақырым кабельдік электр желілері де жөнделмек. Жалпы электр желілеріне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары қаланың «Южный», «Жаңа базар» аумағы, «Достық үйі» маңы мен Шымбай көшелерінде жүргізілуде.

Бағдарлама аясында 1777 дана заманауи талапқа сай электр энергиясын есепке алу аспаптары орнатылады және АСКУЭ жүйесіне қосылады деп жоспарлануда.

«Ақмешіт-ақпарат»

Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

АЗЫҚ-ТҮЛІК АЛАҢДАТЫП ТҰР

Тең емес деп қалдық. Неліктен? Мәселе Еуразиялық Экономикалық Одақ саясатында жатыр. Себебі елдегі негізі азық-түлік импорты ЕАЭО-ға тәуелді. Бастапқыда әр елдің экспорт-импорттық экономикалық шешімі өзара келісім аясында жүруі шарт. Алайда геосаяси жағдай мен мемлекеттік мүдде бұл ұстанымды толық орындауға мүмкіндік бермей отыр. Мысалы, ұйымға мүше елдердің өндірушілерді қолдау индикаторына назар аударайық. Белоруссияда өндірушілерді мемлекеттік қолдау – 18 пайыз, Ресейде – 10 пайыз, ал Қазақстанда – 6 пайызға әрең жетеді. Еларалық келісім бойынша бұл көрсеткішті тең деңгейге жеткізу туралы уағдаластық болған. Алайда ешбір одақтас ондай қадамға бармады. Керісінше. Ресей тарапынан жыл сайын көтеріп келеді.

Тақырыпқа қатысты экономикалық одақтастардың өз уәжі бар. Көбі геосаяси шиеленістер, санкциялық жүктемелер, тасымал жолындағы кедергілер әлемдік азық-түлік бағасының өсуіне әкелді деген пікірде. Оған қоса баға саясаты әлемге ортақ үрдіс екен. Мысалға, Ресей мен Украина қақтығысынан соң 142 елде инфляциялық өсім байқалған. Дүниежүзілік банктің бағалауынша, әлемде азық-түлік бағасы 1%-ға өскеннің өзінде 10 млн адам кедейлікке ұшыраған. Азық-түлік бағасының инфляциясы елімізде де бірнеше жыл бойына төмендемей тұр.

Жуырда Белоруссия мемлекетінде «Еуразиялық экономикалық одақтың азық-түлік қауіпсіздігі» атты пленарлық сессия өтті. Жиынға ел атынан Премьер-министр Олжас Бектенов қатысып, одақтағы ұлттық экспозицияны қорғады.

«Озық халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бәсекеге қабілетті, экологиялық және экспортқа бағдарланған өнім шығару үшін тығыз кооперациялық байланыс орнату біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болуға тиіс. Орталық Азия арқылы жаңа логистикалық бағыттарды одан әрі дамыту және Қытайға жеткізетін қолданыстағы бағыттардың өткізу қабілетін арттыру перспективаларды кеңейте түспек», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

ӨЗ ӨНІМІМІЗ ӨЗІМІЗГЕ ЖЕТПЕСЕ...

Неліктен отандық өнім ел нарығын қамти алмай отыр? Осы сауал көтерілгелі көп болды. Орайы келгенде адам шошырлық деректі мысалға келтірейік. Бүгінде бәсекеге төтеп бере алмай, жүздеген кәсіпорын жұмысын тоқтатқан. Жауапты министрлік дерегінше, бүгінге ауыл шаруашылығы кооперативтерінің 60 пайызы жабылған. Фермерлердің айтуынша, оған тағы да импорт түрткі болған. Себебі сырттан келетін өнімнің бағасы төмен, көлемі көп. Кәсіпкер амалсыз импортқа жүгінеді.

Басы 1-бетте

Мәселені көпшілікке жеткізген «Қазақстан құс өсірушілер одағының» президенті Руслан Шарипов бірнеше жыл көлемінде айналым қаражаты жоқ, өнім шығара алмаған 12 құс фабрикасы жабылғанын айтты.

«Күркетауық еті бойынша жалғыз «Ордабасы құс» болды. Күркетауық еті әлеуметтік маңызы бар өнім емес деп танылып, субсидиялар да алынып тасталды. Жылына өндіретін 12 мың тоннадан қазір 7 мың тоннаға дейін төмендеді»,– деді ол.

«Шаңырақ» ұлттық агро-қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Алмасбек Садырбай БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында аталған мәселенің бір ұшын Ресейдегі тұрақсыздыққа сілтеген. Айтуынша, Ресейге салынған санкция салдарынан барлық өнім Қазақстан нарығына арзан бағада келуде. Бұл отандық өндірушілерді тұқыртып, кәсіпорындардың жабылуына әкелуде.

Неліктен отандық өнім ел нарығын қамти алмай отыр? Осы сауал көтерілгелі көп болды. Орайы келгенде, адам шошырлық деректі мысалға келтірейік. Бүгінде бәсекеге төтеп бере алмай, жүздеген кәсіпорын жұмысын тоқтатқан. Жауапты министрлік дерегінше, бүгінге ауыл шаруашылығы кооперативтерінің 60 пайызы жабылған. Фермерлердің айтуынша, оған тағы да импорт түрткі болған. Себебі сырттан келетін өнімнің бағасы төмен, көлемі көп. Кәсіпкер амалсыз импортқа жүгінеді.

«Қазір ол қауіпті сезбейміз. Өйткені Ресейдің демпингі үстемдік құрып тұр. Санкциялар құрсауындағы көршіміз артылған өнімнің бәрін Қазақстан нарығына төгіп жатыр. Ертең соғыс біткеннен кейін Ресей өнімін өзге нарықтарға әкетеді. Мәселе сол кезде басталады. Өйткені Ресей демпингі өзіміздің өндірушілерді «қырып» тастады. Сол кезде Ресейдің өнімін алтынның бағасымен сатып аламыз. Азық-түлік қауіпсіздігі деген өте ұрымтал мәселе, бірақ онымен нақты айналысып жатқан ешкім жоқ. Тіпті өзге елдердегідей Азық-түлік қауіпсіздігінің доктринасы да жоқ», – дейді сарапшы.

Сала мамандары жағдай ушықпас үшін бірнеше шешім ұсынуда. Әсіресе, қымбаттап жатқан өнімдердің егіс көлемін ұлғайтуды, ӘМАТ тізіміндегі 19 азық-түлік санын көбейту маңызды санайды. Сонымен қатар өнімді сату жүйесін жетілдіруді ұсынады. Бұл дұрыс-ақ. Өйткені былтыр отандық фермерлердің жүгерісі, алдыңғы жылы қырыққабаты өтпей, шіріп кетті.

ҚЫЗЫЛОРДА: «БАЙҚОҢЫРДЫҢ» КӨМЕГІ БАР МА?

Аймақтағы ахуал мәз емес. Жыл басынан бері қымбаттаған азық-түлік бағамын сөз басында айттық. Нарық бағасының құбылуы халыққа қиын соғып, әсіресе әлеуметтік осал топтағы азаматтарға ауырлық салуда. Мұның шешімі ретінде жергілікті билік «Байқоңыр» ӘКК жұмысын жүйелеуге көшкен. Аталған мекеме әлеуметтік дүкендер желісін көбейтіп, азық-түлік қорына жауапты-тұғын. Жергілікті фермерлер мен кәсіпкерлерге қаржылай қолдау білдіріп, өнімін алатын да осы – «Байқоңыр» ЭКК.

Мысалы, өткен жылы «Байқоңыр» ӘКК» АҚ Қызылорда қаласының және үш ауданның кәсіпкерлеріне 1 млрд 608 млн қарыз берген. Ал биыл қаңтарда «Байқоңыр» корпорациясы мен «РЗА-сүт» ЖШС арасында миллиардтаған теңгеге қарыз шарты жасалды. Қарыз шарты негізінде жергілікті тауар өндіруші «РЗА-СҮТ» ЖШС жыл аяғына дейін 171 тонна пастерленген сүт, 171 тонна айран, 17 тонна сары май, 17 тонна сүзбені қаладағы 35 әлеуметтік дүкен мен 10 ірі сауда үйіндегі әлеуметтік бұрыштарға жеткізеді. Тұрғындарға 2,5% сүт – 360 теңгеден, 2,5% айран – 420 теңгеден және 5-9% сүзбе – 1760 теңгеден, ал 82,5% сары май 3550 теңгеден сатылады.

Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдымен «Байқоңырдағы» түйткілді шешу маңызды. Ол үшін «Байқоңыр» арқылы алынатын азық-түлікті әртараптандыру қажет. Оған қоса, маусымдық жеміс-жидек, көкөністердің сатылымы мен өнімі туралы алдын ала мониторинг құру өзекті. Бұл жаз, қыс айларында кей көкөніс пен жеміс-жидек өнімінің жетіспеушілігін болдырмауға әрі нарықтағы баға тұрақтылығын сақтауға септеседі. Сол арқылы қай ауылшаруашылығы кәсіпкерлерімен келісім-шартты көбейту қажетін сараптауға болады.

Өткен жылы «Байқоңыр» ӘКК» АҚ Қызылорда қаласының және үш ауданның кәсіпкерлеріне 1 млрд 608 млн қарыз берген. Ал биыл қаңтарда «Байқоңыр» корпорациясы мен «РЗА-сүт» ЖШС арасында миллиардтаған теңгеге қарыз шарты жасалды. Қарыз шарты негізінде жергілікті тауар өндіруші «РЗА-СҮТ» ЖШС жыл аяғына дейін 171 тонна пастерленген сүт, 171 тонна айран, 17 тонна сары май, 17 тонна сүзбені қаладағы 35 әлеуметтік дүкен мен 10 ірі сауда үйіндегі әлеуметтік бұрыштарға жеткізеді. Тұрғындарға 2,5% сүт – 360 теңгеден, 2,5% айран – 420 теңгеден және 5-9% сүзбе – 1760 теңгеден, ал 82,5% сары май 3550 теңгеден сатылады.

Бұдан өзге азық-түлік сақтау нормаларын бақылау, тауардың жарамдылығын тексеру үшін арнайы комиссия құру, қалдықты тиімді пайдалану жоспарын әзірлеу де өзекті.

Есте болса, бірнеше ай бұрын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тақырыпқа қатысты жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді. Соған сәйкес негізгі азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін ішкі саудадағы делдалдық тізбекті қысқарту және сауда үстемесін 15 пайыздан асырмауды ұйымдастыру тапсырылған еді. Арнайы комиссия әзірлеген алгоритмге сәйкес, бағасы өскен өнімдер бойынша мемлекеттік кірістер департаментінен алынған ақпарат негізінде талдау, мемлекеттік бақылау жүргізу белгіленген. Осы ретте Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне бағаны тұрақты бақылауда ұстау міндеттелген болатын.

«Өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі 98,8 пайызды құрап, республикалық орташа көрсеткіштен 1,5 пайызға төмен қалыптасты. Қазіргі уақытта тауарлар мен қызметтерге баға деңгейі республикалық көрсеткіштен төмен болғанымен, оны тұрақты ұстап тұруға міндеттіміз. Бірінші кезекте, нарықта халық тұтынатын тауарлардың қоры жеткілікті болуы қажет. Өткен жылдан бері көкөніс өсіруші шаруашылықтарды алдын-ала 70 пайыз қаржыландырып, форвардтық келісім-шарт жасау тәжірибеге енгізілді. Енгізілген өзгерістерден және жүргізілген тауар интервенциясынан кейін көкөніс бағасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда біршама төмен. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуы қажет», – деді аймақ басшысы.

Сарапшылар Қызылорда облысындағы азық-түлік қауіпсіздігін шешу үшін арнайы экономикалық аймақ құруды ұсынып келеді. Айтуларынша, бұл азық-түлікпен қамту деңгейін көтеріп, кәсіпкерлік әлеуетті арттырады. Тек азық-түлік өнімін өндіретін кәсіпкерлерді ынталандыру мақсатында субсидия, грант көбірек бөлінсе, жеткілікті.

Сондай-ақ қойма тапшылығы шаруаларға кедергі келтіруде. Олар қойма жетіспегендіктен азық-түлік өнімінің көлемін арттыра алмай отыр. Соның салдарынан жыл сайын облыста азық-түлік тапшылығы мен қымбатшылық орнайды. Ал сауда орнындағы кәсіпкерлер өнімді өзге облыстан әкелуге мәжбүр. Бұл да бағаға ықпал ететіні анық.

Аймақ басшысы «2025 жылға дейін облыс бойынша көкөніс сақтау қуатын 21 мың тоннаға дейін жеткізуіміз керек», – деген еді. Бұл салада ауыл шаруашылығындағы инвестициялық субсидиялау тәртібіне сәйкес 1,0 мың тоннадан басталатын картоп-көкөніс сақтау орындарын салу, кеңейту шығындарының 50 пайызын мемлекеттің өтеуі қарастырылған. Бұл – үлкен мүмкіндік.

ШЕШІМ ШЕҢБЕРІ

Ал республикалық ауқымдағы ахуал қалай шешіледі? Бар үміт – заңда. Нақтысы, азық-түлік қауіпсіздігі туралы заң жобасында. Мәжіліс депутаттары бір ай бұрын азық-түлік қауіпсіздігі туралы заң жобасын қарап шыққанын айтқан еді. Яғни «Сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданса, саладағы түйткіл тарқамақ.

Мәжіліс депутаты Анас Баққожаевтың айтуынша, 2005 жылдан бері ауыл шаруашылығы бойынша қабылданған бірде-бір мемлекеттік бағдарламалар соңына дейін іске аспаған. 20 жылда субсидия беру ережелері 57 рет өзгерген. Салдарынан соңғы 10 жылда дүкен сөрелеріндегі импорттық тауар үлесі 3 есе өскен.

Берен ШАҒЫРОВ

БІР ӘКЕНІҢ ТӘРБИЕСІН ЖҮЗ МЕКТЕП БЕРЕ АЛМАЙДЫ...

Өткен жолы белгілі дінтанушы Бақтияр Оспановпен пікірлескен едік. Қоғамға әке витамині жетіспейтінін айтып жүрген ол қазақы тәрбиенің қай кезде де орны бөлек екенін жеткізді. Әлбетте, әке мәртебесін көтерудегі негізгі мақсат та, мұрат та бір.

– Әкенің рөлін арттыру үшін алдымен бар жақсыны әкеге беру керек. Әке – отбасын барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ететін тұлға. Ол бар жақсы нәрсе өзіне ұсынылғанмен, оны барлығына бөліп береді. Ортаға ас қойғанда да бар қойылған жілікті ол балаларына үлестіреді. Міне, отбасындағы осы дағдыны көріп өскен ер бала өскенде әкесі тәрізді үлгілі, жан-жақты, айналасының қамын ойлайтын болады. Ал оған бәрін тікелей ұсына берсе, өзімшіл болып өседі. Біз осылай байырғы дәстүрмен, қазақы түсінікпен ғана әкенің қоғамдағы мәртебесін көтере аламыз, – дейді Бақтияр Есенгелдіұлы.

Әкелердің қоғамдағы беделін көтеруде расымен осындай орталықтар керек пе деген сауал көптің көкейінде жүрген шығар... «Бір үйге бір еркек керек» деп, Қожабергеннің анасына қырындайтын мотоциклдегі қара мұрттың да сөзінің жаны бар. Бүгінгі басты мәселенің бір ұшы осыдан шығады. Білім ошақтарындағы ер мұғалімдердің аздығы да жығылғанға жұдырық болғалы қашан?!

Әкенің рөлін арттыру үшін алдымен бар жақсыны әкеге беру керек. Әке – отбасын барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ететін тұлға. Ол бар жақсы нәрсе өзіне ұсынылғанмен, оны барлығына бөліп береді. Ортаға ас қойғанда да бар қойылған жілікті ол балаларына үлестіреді. Міне, отбасындағы осы дағдыны көріп өскен ер бала өскенде әкесі тәрізді үлгілі, жан-жақты, айналасының қамын ойлайтын болады. Ал оған бәрін тікелей ұсына берсе, өзімшіл болып өседі. Біз осылай байырғы дәстүрмен, қазақы түсінікпен ғана әкенің қоғамдағы мәртебесін көтере аламыз.

– Кезінде қазіргіге қарағанда ер мұғалімдердің саны басым еді. Сол кісілердің «тәк-тәгімен» өскеніміз жасырын емес. Оқушы ұлдар оларға қарап бой түзеп, қоғамда өзін қалай ұстау керегін үйренеді. Байқасаңыз, осы күні ажырасу оңай сияқты болып кетті. «Күйеусіз де күнімді көріп, баланы бағып-қағып өсіре аламын» дейтін әйелдер көбейді. Шын мәнінде ол дұрыс емес. Әсіресе ұл баланы дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда абыройлы әкеге, үлгілі отағасына, қадірлі ағаларға байланысты. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп, халқымыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Отбасында тәрбие мәселесін бірыңғай аналарға ысырып салмай, өзіміз де араласуымыз қажет. Жас әкелердің кешкі уақытта жұмыстан кейін денешынықтыру залдарында шынығып жүргенін, спорттық алаңдарда футбол ойнап жүргенін, жүгіріп жүргенін көреміз. Ол да дұрыс шығар. Бірақ соның арасынан уақыт тауып, балаға бір сәт көңіл бөлсе екен, – дейді Ержан Искендер.

«Мәселенің бәрі әйелдің жолдасын, баланың әкесін сыйламауынан басталды» деген Бақтияр Есенгелдіұлын осы жерде де бір қайталай кеткен жөн сияқты. Ал кассетаны кейін айналдырғанмен, қателік жойылып кетпейді. Тек оны түзетуге мүмкіндік болады. Мәселенің төркіні осында тәрізді. Бірақ барлық нәрсе үшін кінәні біреуден іздер болсақ, онда тақырыптың тініне жол да таппаспыз.

«Хан Тәңірі – биік шың ғой жердегі,
Мен де соған жетемін деп талпынғам.
Әке деген ең биікті мендегі,
Алып кетті ажал деген антұрған»...

Алтыншыда оқып жүріп, әкеден айырылған менің жазған жалғыз шумақ өлеңім – осы. Әрине, әке туралы тақырыптан. Бірақ көңілінде сайрап тұрған қанша ой, қанша әдемі сөз қағазға түскенде өміріндегі биік тұлғаның болмысын ашуға қауқарсыз көрінеді. Сондықтан болса керек, одан кейін ол тақырыпта қалам тербемеппін. Жазғансызғанымның бәрі көңілімнен шықпайды. Ер баланың өміріндегі үлкен мектеп деген ұғым да осы әкенің бойында ғой...

Тақырыпқа тұздық болса деген ой.

Басы 1-бетте

Аян СПАНДИЯР

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛІГІ МАҢЫЗДЫ

Қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаевтың төрағалық етуімен «Қала әкімдігі жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес» отырысы өтті. Отырыстың күн тәртібіне сәйкес 3 мәселе қаралды.

Бірінші мәселе бойынша 2023 жыл көлемінде үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік жобалары бойынша атқарылған жұмыстар туралы және 2024 жылға жоспарланған әлеуметтік жобалар мен қосымша ұсыныстар туралы қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев хабарлама жасады.

Айта кету керек, облыстық Әділет басқармасының мәліметіне сәйкес Қызылорда қаласы бойынша 705 ұйым тіркелген. Оның ішінде 112 ұйым белсенді жұмыс істейді. Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік-маңызды жобаларын жүзеге асыру қызметі бойынша 2024 жылға қалалық бюджеттен бөлінген қаржыға 6 әлеуметтік жоба іске асырылуда.

Келесі мәселе, қалалық спорт, дене тәрбиесі және туризм бөлімінің басшысы Қайрат Есенгелдиев үкіметтік емес ұйым өкілдерін тарта отырып, салауатты өмірді қалыптастыру мақсатында, белсенді өмір ұстанымын және алкогольдік ішімдіктер мен есірткіні қолдануға теріс көзқарасты қоғамда қалыптастыру бағытындағы спорттық шаралар ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы» баяндады. Қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтердегі үкіметтік емес ұйымдар секторын дамыту және олар бойынша атқарылған жұмыстар туралы Тасбөгет кентінің әкімі Айдын Тыныштықбай, Талсуат ауылдық округінің әкімі Ерлан Бейсенбаев және Ақжарма ауылдық округінің әкімі Саттар Әбдіреев тоқталып өтті.

Кеңес отырысында жауапты сала басшыларына үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық бағытында тиісті жұмыстарды үйлестіру жөнінде тапсырмалар берілді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Шәкизат ҚАРАТАЙҰЛЫ,
«Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының басшысы:

ӘРБІР АТА-АНА ҚҰМАР ОЙЫНДАРДЫҢ, СУИЦИДТІК ОЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ ОЙЛАУ КЕРЕК

– Ең алдымен бірлестіктің мақсатына тоқталсаңыз...

– Бірлестік қоғамдағы білім мен тәжірибе алмасу алаңына айналды. Әрбір құрылымдық бөлімше ұрпақ тәрбиесінде ата-ананың рөлі маңызды екенін түсіндіру мақсатында облыстық, республикалық және халықаралық деңгейде форумдар, семинарлар мен басқа да іс-шаралар өткізіп келеді. Ұйымның бас кеңсесі Астанада, 16 өңірде филиалдары орналасқан. 2021 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан ұйымның құрылтайшысы – Нұркен Асанов. Мақсаты – қоғамда саналы мәдениетті қалыптастыру. Бүгінгі таңда бірлестікте 142 мыңнан астам ата-ана және 247-ден астам сарапшы бар. Бұл осы бірлестіктің қоғамдағы маңызы мен ықпалын көрсетеді. «Болашақ сенің қолыңда» – бірлестіктің негізгі ойы осы. Біздің бірлестікте сарапшылар ретінде тек мектеп директорлары ғана емес, сонымен қатар ата-аналар, тәжірибелі мұғалімдер бар. Біздің басты миссиямыз – бала тәрбиесіне назар аудару және оның пікірін ескеру қаншалықты маңызды екенін түсіндіру. Әрбір ата-ана құмар ойындардың, суицидтік ойлардың немесе ерте жүктіліктің алдын алу үшін не істеу керек екенін ойлануы керек. Біз ата-аналарға да, балаларға да осы проблемалардың салдарын ақпараттандырып, болдырмау үшін шаралар қабылдау маңызды екенін түсіндіріп келеміз

– «Сенімен Болашақ» қандай жобалар мен бастамаларды ұсынады?

– «Сенімен Болашақ» қоғамдық бірлестігі мектептер мен колледждерден бастап университеттерге дейінгі барлық деңгейдегі білім беру мекемелерімен белсенді түрде іс-шаралар жүргізіп келеді. Облыстық білім басқармасымен меморандумға қол қойып, бірлескен жұмыс пен тәжірибе алмасуға бағытталған бірқатар жұмыс жүргіздік. Біздің бірлестіктің негізгі мақсаты – ата-аналардың санасын ояту және олардың психологиялық-педагогикалық білімі мен дағдыларын арттыру. Біз балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға жан-жақты қолдау көрсетуге тырысамыз. Ол үшін үнемі әртүрлі жиналыстар, кездесулер мен конференциялар өткіземіз, онда ата-аналар мен мұғалімдер өзекті мәселелерді талқылап, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастырады. «Сенімен Болашақ» бірлестігі ата-аналар арасында психологиялық және педагогикалық сауаттылықты дамыту үшін жағдай жасай отырып, Қазақстанның білім беру жүйесінде шешуші рөл атқарады. Бұл қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға және тәрбие жұмысының сапасын жақсартуға ықпал етеді. Сондай-ақ ата-аналарға психологтардан және мамандардан қажетті ақпарат ала алатын түрлі кездесу алаңдарын ұйымдастырамыз. Балаларға әлеуметтік желінің теріс әсері көп. Бұл үрдіс ұлттық құндылығымызға көлеңке түсіріп, өскелең ұрпаққа әсер етеді. Бірлестік мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығын, балаларды өз дәстүрлерін құрметтеуге үйретеді. Мәдениет – тек өнер мен салт-дәстүр ғана емес, тұлға мен әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыратын іргелі сала. Тақырыптық кездесулер, іс-шаралар мен білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру арқылы біз өз дәстүрімізді ұмытпау үшін белсенді жұмыс атқарып келеміз. Бұл іс-шаралар ұрпақтар арасындағы диалог алаңы ретінде қызмет етеді, онда балалар өз мәдениетінің бірегейлігін сақтаудың маңыздылығын сезіне отырып, өз елінің мәдениетін зерттеп, бағалай алады.

Басы 1-бетте

– Қазіргі уақытта өңірде қандай жобалар жүзеге асуда?

– Әр өңірде қоғам дамуына үлес қосып жүрген психологтар, менеджерлер мен мамандар бар. «Сенімен Болашақ» бірлестігі шағын және орта бизнеске арналған гранттық конкурстарға қатыспайды, жиналыстар мен кездесулер ұйымдастырғанда коммерциялық мақсатты да көздемейді. Біздің қауымдастық халықтың қолдауымен құрылды және осы қолдаудың негізінде жұмысын жалғастыруда. Біз қоғам дамуына үлес қосуға және адамдарға көмектесуге тырысып, болашағымызды қалыптастыруға көмектесе аламыз деп сенеміз. Өзіміз өткізген зерттеулер мен басқа да қазақстандық зерттеу институттарының жарияланымдарының негізінде «Сенімен Болашақ» 2023-2024 жылдары жұмысын 10 тақырыптық бағытқа бөлді. Атап айтсам, репродуктивті денсаулық, буллинг пен кибербуллингке қарсы тұру, мектептер мен ата-аналар арасындағы тиімді ынтымақтастық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасын сақтау және ажырасудың алдын алу, отбасылық құндылықтарды насихаттау және әлеуметтік жетімдіктің алдын алу, саналы ой-сезім пен қысылтаяң жағдайларға төзімділік дағдыларын дамыту, тұлғалық даму, құмар ойындарға тәуелділікпен күресу, суицидтің алдын алу. Осы 10 бағыт бойынша пилоттық жобалар жасалған. Қазіргі кезде әр облыста түрлі әлеуметтік жобаларды қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуде өз үлесін қосу мақсатында іске асырады. Өкінішке орай елімізде ажырасу деңгейі жылдан-жылға өсуде. Былтырғымен салыстырғанда көрсеткіш 33 пайызға өскен. Бұл мәселенің себебі көп. Бірақ әлеуметтік зерттеу жүргізгенімізде ең көп себеп отбасын дайындықсыз құру деген жауап болды. Осы мақсатта аймақта «Сенің болашағың» атты 6 ай бойы жүзеге асатын отбасын құруға дайындық мектебі пилотты жобасын іске асырудамыз. Мақсат – жас отбасылар арасындағы ажырасудың алдын-алу. Отбасын құратын жастарға немесе жас отбасыларды психологиялық тұрғыдан қолдау. Жобаға 200 респондент тартылды. Қатысушыларға жоба аясында тақырыптық дәрістер, түрлі форматтағы ауқымды іс-шара ұйымдастырылды. Алғашқы дәрістер легі Абылай хан атындағы жоғары колледжде өтті. Жоба аясында 200 жас психологиялық, медициналық, ата-ана болуға дайындық бойынша оқытудан өтті. Отбасын даярлау мектебінен өтіп жатқан әр респондентті жан-жақты дамыту үшін түрлі форматтағы жұмыстарды жолға қойып, ұйымдастырып келеміз. Алдағы уақытта жоба бойынша жұмыстар жалғасын табады.

– Өткен жылы атқарылған жұмыстың нәтижесі қандай?

– 2023 жылы аймақта 217 іс-шара ұйымдастырып өткіздік. Оның ішінде біздің бастамамызбен – 91, шақырылушы тараппен – 126 шара. Басты 10 бағытымыз бойынша жұмыс істеп, 11 мыңнан аса ата-анамен кездестік. Өңірдегі 121 мектеп, 3 университетте болып, ұжыммен, оқушылар және студенттермен жолықтық. Облыстағы мемлекеттік және жеке сектордағы 14 мекемемен ынтымастық меморандумы бекітілді. Аймақтағы 403 педагог-психолог, 180 мемлекеттік қызметші, 411 ерекше бала тәрбиелеп отырған ата-ана, 100 жасөспірім, 422 балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналары оқыту курстарынан өтті. Репродуктивті тәрбие бойынша пилоттық жобаны сәтті жүзеге асырдық. Жыл қорытындысымен Қызылорда облыстық филиалы «Жылдың ең үздік филиалы», «Жылдың үздік филиал басшысы» номинациясын иемдендік. Жалпы біз статистика үшін немесе сан қуып жұмыс істемейміз. Басты міндет – біз көтерген маңызды мәселелер жайлы ата-аналар мен жастардың хабардар болуы. Біз әрбір адамға сай мәдени дәстүрлерді сақтау, білім беру бастамаларын қолдау және балалар мен жасөспірімдердің психологиялық саулығына қамқорлық жасаудың маңызды екенін түсіндіруге тырысамыз. Біз сана мен білімнің арқасында қоғамдағы ұзақ мерзімді өзгерістерге қол жеткізуге және әрбір баланың және оның отбасының өміріне оң әсер ететініне сенімдіміз.

– Маман кеңесі қажет болған жағдайда қалай байланысуға болады?

– «Сенімен Болашақ» бірлестігінде біз бірқатар іс-шаралар, семинарлар, форсайт сессиялары және жеке кездесулер өткіземіз. Әлеуметтік желілерде ресми парақшаларымыз бар, онда біз әрқашан сұрақтарға жауап беруге және ата-аналарға көмектесуге дайынбыз. Кеңес немесе көмек сұраған ата-аналар үшін есігіміз әрқашан ашық. Біз құпиялылыққа кепілдік береміз және филиалымыз арқылы қажетті қолдау көрсетеміз. Біздің мақсатымыз мәселелерді шешуге көмектесу ғана емес, сонымен қатар балаларды жақсы түсіну және тәрбиелеу үшін кітаптармен қамтамасыз ету. Егер бала тәрбиесінде қиындықтар туындап, қандай да бір қиын жағдайға тап болған ата-ана сайтта орналасқан ресми нөмірге хабарласуына болады. Отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесі барған сайын қиындап бара жатқан қазіргі қоғамда кәсіби көмекке қол жеткізу ата-аналар үшін баға жетпес ресурс. Білікті мамандардың қолдауы отбасының беріктігіне айтарлықтай әсер етеді. Психологтармен және басқа мамандармен кеңесу ата-аналарға балаларының эмоционалдық қажеттіліктерін жақсы түсінуге және ата-ананың тиімді стратегияларын әзірлеуге көмектеседі. Мәліметтер құпия болып қалады, ата-ана тек телефон нөмірін қалдырады. Көмек көрсету үшін хабарласып, қаламыздағы ең жақын бөлімшеге бағыттаймыз, онда жағдайға байланысты психолог немесе басқа кеңесші мамандардан кәсіби көмек алды.

Сонымен қатар әрбір іс-шарадан кейін біздің ұйым анонимді сауалнама жүргізеді. Іс-шарамызды одан да пайдалы және қызықты ету үшін қатысушылардың алдағы кездесулерде қандай тақырыптар мен мәселелерді талқылағысы келетінін білуге тырысамыз. Іс-шаралардан кейін жүргізілетін анонимді сауалнамалар өткізілетін шараның сапасын жақсартуға көмектеседі, бұл бағдарламаларды қоғамның қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ата-аналар мен ұйым арасындағы сенімділікті арттырып қана қоймай, сонымен қатар ұсынылатын қызметтерді үздіксіз дамыту және жақсарту үшін негіз жасайды. Айта кету керек, бар ақпарат құпия болады және ата-аналар өздерінің жеке ақпараттарының қауіпсіз екеніне сенімді бола алады. Бұл сенімді арттырады және ата-аналарға олардың жеке өмірінің қорғалатынын біле отырып, өздерінің алаңдаушылықтарын ашық бөлісуге мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда, мұндай бастамалар қоғамға оң әсерін тигізіп, бақытты отбасылар қатарын көбейтуге көмектеседі.

– Мектепке дейінгі мекемелермен қандай іс-шаралар жүргізілуде?

– Мектепке дейінгі мекемелермен үздіксіз өзара әрекеттесу аясында біз жақында 624 балабақша өкілдерінің, сондай-ақ тәрбиеленушілердің ата-аналарының басын қосқан «Кешкі шай» атты айтулы шара өткіздік. Шара бейресми форматта онлайн түрде кешкі сағат сегізде өтті. Бұл онлайн шара мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың маңызды аспектілерін талқылау алаңына айналды. Апталық барысында қатысушылар оқыту әдістерінен бастап инновациялық тәсілдерге дейінгі кең ауқымды қамтитын 12 секцияда тәжірибелері мен білімдерін ортаға салды. Іс-шараның нәтижелерінен шығатын жалпы қорытынды қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру тек оқыту мен дағдыларды дамытуды ғана емес, сонымен қатар мәдени құндылықтарды қалыптастыруда кешенді тәсілді қажет етеді. Қатысушылар балаларды мәдени байыту үдерісіне ерте қосудың маңыздылығын және ата-аналар тарапынан қолдау қажеттігін атап өтті. Мұндай іс-шаралар балабақшалар мен отбасылар арасындағы байланысты нығайтуға, сондай-ақ озық тәжірибелер мен идеялар алмасуға ықпал ететіні айтылды. Балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, олардың эмоционалдық деңгейіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуға қатысты мәселелерді талқылау маңызды аспект болды. Мамандар тәрбиелеу және жастайынан қарым-қатынас дағдыларын дамыту толыққанды тұлғаны қалыптастырудың басты шарты екенін атап өтті. Іс-шарада айтылған қорытынды ұсыныстар мәдени білім беруді типтік оқу жоспарларына енгізуге, сондай-ақ балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қамтыды. Бұл тәсіл балаларға тек білім жинақтап қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік бейімделу мен шығармашылықты дамытуға мүмкіндік беретіні баса айтылады. Жалпы «Кешкі шай» мектепке дейінгі жастағы мәдени тәрбие тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығын көрсететін сәтті бастама және білім беру мекемелері мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы диалогты жалғастыру қажеттігін растады. Іс-шара тәрбие мен оқыту әдістерін одан әрі дамытуға және жетілдіруге, сондай-ақ балабақшалар мен тәрбиеленушілердің отбасылары арасындағы серіктестікті нығайтуға ынталандыру болды.

– Жалпыұлттық ата-аналар форумы туралы толығырақ айтсаңыз...

– 2023 жылғы 11 тамызда Астана қаласында еліміздің түкпір-түкпірінен 700-ден астам қатысушы, оның ішінде белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, педагогтар мен психологтар жиналған республикалық ата-аналар форумы өтті. Осымен үшінші рет өткізіліп отырған форум бала тәрбиесі, олардың құқықтарын қорғау отбасы құндылықтарын насихаттаудың өзекті мәселелерін талқылайтын алаңға айналды. Форумда ата-аналардың білім беру үдерісі мен бала тәрбиесіне белсенді қатысу қажеттілігі, сондай-ақ Қазақстанның жас ұрпағына сапалы білім беру мен гүлденген болашағын қамтамасыз ету үшін еліміздің педагогикалық әлеуетін нығайтудың маңыздылығы аталды. «Сенімен болашақ» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Нұркен Асановтың айтуынша, форумға қатысушы ата-аналардың қатары жыл сайын артып келеді. «Сенімен болашақ» бірлестігі бір жылда 126 мың ата-анаға тренинг-семинар өткізді. Әрбір аймақта аптасына 50-70 семинар өтеді. Астанада өткен жалпыұлттық ата-аналар форумында педагогикалық әдеп пен ұстаз тапшылығы мәселелерінен бөлек, көптеген өзекті тақырып көтерілді. Ұрпақ тәрбиесі мен отбасы құндылықтарын тәрбиелеудің маңызды аспектілері, сондай-ақ ата-аналар мен балаларды қолдауға бағытталған әлеуметтік жобалар талқыланды. Ата-аналар институтының оқу-тәрбие процесіндегі рөліне, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығының мәселелеріне, балалардың цифрлық мәдениетіне қатысты мәселелерге назар аударылды. Сондай-ақ қазақ отбасы тәрбиесіне қатысты жүргізілген социологиялық зерттеулердің нәтижелері көрсетіліп, ата-ана үлгісінің балаға маңыздылығы айтылды. Қазіргі ата-аналардың басты мәселелерінің бірі – балалардың гаджеттерге тәуелділігі мәселесіне ерекше назар аударды. Осы жылы да жалпыұлттық ата-аналар форумы өз жалғасын таппақ.

– Бірлестік жастарды шабыттандыру үшін қандай әдістерді қолданады?

– Жастардың өмірінде мотивация мен шабыт басты рөл атқарады. Біз тек киім мен аксессуарларды ғана емес, сонымен қатар ұлы ойшылдардың мотивациялық сөздері арқылы шабыт көзін ұсынамыз. Худи, толстовкалар, футболкалар, шопперлер, бөтелкелер мен бет-белгілер – бұл заттардың әрқайсысы іс-әрекетке, оқуға шабыттандыратын нақыл сөздер бар тауарлар. Педагогика мен бала тәрбиесіне қатысты белгілі кітаптардың аудармасын басып шығарып, білімнің таралуына үлес қосып жатқанымызды да мақтан тұтамыз. Қазіргі таңда 3000 дана таралыммен шыққан кітаптарымыз мыңдаған оқырмандарды шабыттандырды. Бұл білімге және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыстың мәңгілік және өзгеріссіз қалатынын растайды және біздің өнімдер жастарға жол табуға көмектеседі. Біз әр адамның әлемді жақсы жаққа өзгертуге құдіреті бар деп есептейміз және біздің міндетіміз осы сенімге қолдау көрсету. Біздің тауарларымыз бен кітаптарымыз жай ғана өнім емес, олар біздің тұтынушылармен бөлісетін идеялардың хабаршысы. Олар әрбір адам жақсы адам бола алады, әркім табысқа жете алады және әркім қоғамға өз үлесін қоса алады деген ойды жеткізеді. Жастар біздің өнімдерді сапасы мен стилі үшін ғана емес, сонымен қатар біз әрбір затқа енгізетін құндылықтар үшін қалай таңдайтынын көріп, қуанамыз. Бұл біздің көзқарасымыздың өзекті және сұранысқа ие екендігін, шабыт пен мотивацияның күнделікті өмірде алатын орны бар екенін және бүгінгі құрылып жатқан үлкен және жарқын болашақтың бір бөлігі бола алатынымызды дәлелдейді.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Әңгімелескен
София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

ЕТІКШІНІҢ МҰҢЫ

Томпақ бала күнінен сол мұрнын бір тартып, тебенді табанға тығып, етік тіккенді ұнататын. Жұрттың баласы ғарышкер боламын, әкім боламын, депутат боламын деп армандағанда да Қампыштың қара баласы сол баяғы арманынан алыстаған жоқ.

– Етікші боламын, – деді мұрнын бір тартып.

Қарны қампиған Қампыштың беті томпиған баласы Томпақ әкесі Көпберердің үмітін ақтамады. Қампыш оның мойнына қамытын ілді де, базарға апарып етікші етіп отырғызды. Көздегеніне жеткен Томпақ әкесінің мілтсә қыламын деген асқақ арманының күл-талқанын шығарды да, орталықтағы көне базар аумағындағы орындыққа отыра кетті де, кәсіпке кірісті. Әке үмітін ақтамаса да, шешесінің сенімінен шығуға тырысты. Осылай күндер зулай берді, зулай берді. Бірақ оның қалтасы қалыңдамаса да, шешесінің беті қалыңдай түсті. Баласына айтқанын тыңдатқанына, бұл байын, байын уайым жеңгеніне жүзі нұрланып, ажары кіре бастады. Қозғала қалса, бұл тақырыптан қашпады. Бірақ Томпақтың табысы жолақы мен тамақтан, аратұра күйіктен ішетін арақтан аспады.

– Балам, – деді әкесі, –
Отбасылық жиында.
Әкені тыңдау қиын ба?
Төтеп беріп келемін,
Шешеңдей дүлей құйынға.
Етік тігемін дейсің ғой,
Айналар ма ол бұйымға.
Мілтсә болсаң со кезде,
Қарамаушы едің тиынға.
Жасың келді қырыққа,
Айналдың өзің тырыққа.
Бала болғаныңды қалап ем,
Әке үмітін ақтаған.
Не болды енді мына сәт,
Сенімді мендік таптаған».
Деп үнсіз қайғырды,
Өткізді мұңмен ай-күнді.

Үнсіз мұнайған Томпақ кәсіп ашуды жөн санады. Бірақ ойға етіктен басқа еш нәрсе келмеді. Етіктің тетігін тапсам деп сан мың ойланған оған күндердің күнінде біреу келді.

– Аға, бұлай болмайды. Сізге ИП ашу керек. Заманның да, заңның да талабы сол. Ип ашылған соң басшы болу керек. Міне, басшыңыз, – деді де білдей бір мекемеден қысқартуға ұшыраған қарны мекемеден қысқартуға ұшыраған қарны қабақтай, беті табақтай бір сабазды әкелді де қойып кетті.

Мақтамен бауыздап сойып кетті. ИП аштыңыз, құтты болсын деп, жуғызып тойып кетті. Енді етікшінің табысы өзіне ғана емес, екіге бөлінетін болды. Бұрынғыдай көзінен жасы тамбайды, енді төгілетін болды. Ал шешесінің уәжі «Елдің алғысын алсаң болды, біздің көңіл толды».

Осылайша таң азаннан қара кешке дейін талай жыл қызмет етіп ерлеген, армансыз терлеген жұрттың аяққиімін тігумен уақыты өтті. Шетелді теледидардан басқа жерден көрмеген, өмірде қызбен кездеспей, махаббатқа шөлдеген, жасы қырықтағы, жан бойы құлыптағы Томпақ арманындағы мамандығынан безіне бастады, өмірде адамның қоры екенін сезіне бастады. Бір күні баяғы тексергіш нәлөг келді, қасына тағы біреуді алып келді.

– Мемлекеттің осындай талабы бар, заңы бар, басқасы бар. Етікшінің пәленбай мың ақшасы бар. Сондықтан оны қайда жаратып жатыр, табысын қайда қаратып жатыр, нәлөгқа берер ақшаны қайда таратып жатыр? Осы сұрақтарға мәселені майшаммен қарап жауап іздейміз, етікшінің тәртібіне қарап іздейміз, – деді де бұғалтірды таныстырды. Бір жерден бұғып кеткен, бір жерден шығып кеткен, бір жердің ақшасын, байлығын, басқасын бір жерге тығып кеткен, бұғып алатын да, тұрып кететін майсөк іздегішке осы жерді тағы бір «шәніс» қылды. Ал әуелгі табыс Томпақтан ендігі алыс тұрды.

«Апталықтың» коллажы

Осылайша жұмысы Томпаққа күшке тиетін болды, ал табысын екіге емес, үшке бөлетін болды. Бұрын ерте қайтатын еді, әке-шешесіне мұңын айтатын еді, қазір түнделететін болды. Ал басшы мен бұғалтыр сыралатып, туралатып бірге кететін болды.

Томпақ қалың ойға шомды. Енді не істеймін деп, шақшадай басы шарадай болды, ашуға булығып алабай болды. Бейбіт күнде қара май болды. Айтып-айтпай не керек, үйіне кешкі асқа жарамай қонды. Бір күні етігі жоғалып кетеді, ұрылар біз-жіпті ол алып кетеді, екі-күннің бірінде тоналып кетеді. Әлгі нәлөгтің пысығы, бір дөкейдің күшігі тағы келді.

– Мұнда заттар көп жоғалатын болыпты. Майыспайтын шеге керек, осы заттарға еге керек. Тірлікпен жөнді айналыспасаң, кәсіп ашып неге керек? Міне, мәселе қайда жатыр? Мына азамат қоймаға меңгеруші болады, заттарыңа еге болады. Сонда тірліктерің оңады, – деді де он жыл бюджетті жесе де тоймайтын, бойына ет қонбайтын, қарамағындағы әр адам сорлайтын, келді бір оңбайтын.

Томпақ «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп төбеге жиі қарайтын болды. Тиынын жиі санайтын болды. Бірақ одан ешқандай нәтиже болмады, түсте ас ішпей сорлады. Қанша жыл тер төксе де, әкесінің айтқаны келді, басына бақыт қонбады. Бір күні үлкен жиналыс болды...

– Тә-ә-ә-ә-к-ііісссс, – деді қабақ қарын, табақ бет бастығы. – Табысымыз азайып кетті. Жұрт бізге күле қарайтынды шығарды. Енді не істейміз? Адам көп, жұмыс аз. Қысқарту керек.

– Мен қолдаймын, бірақ менің жұмысым маңызды. Ақшаларыңды менсіз санай алмайсыңдар. Салыққа берерін, табыс боп келерін бәрі есепте болу керек, – деді бұғалтыр.

– Мен де қолдаймын. Бірақ менің жұмысым керек. Менсіз мына заттарың құрдымға кетеді. Бәрі жоғалады, бәрі тоналады. Шетелден ине мен жіпті кім алдырады? – деді қойма меңгерушісі.

Ал етікшінің пікірін ешкім сұрамады, қызық та болмады, бұзық та болмады. Ал директор жиынның нүктесін қойды, халқы күткесін қойды.

– Бұғалтыр, сен керек,
Қойма меңгеруші, сен керек,
Басшы болуға мен керек,
Етікші бізге не керек? – деді де қысқартудың құрығын етікшінің мойнына салды.

Томпақ мұрнын бір тартты.

– Менің де арманым күл талқан болды, әке...

Дәулет ҚЫРДАН

ҚИСЫҚ-ҚЫҢЫР ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР

Нарық заманында:
Сүйегі – сенікі,
Еті – менікі.

Сыпайылық – сатушының сөзінде,
Назары – алушының көзінде.

«Бар» деген сөз талып айтылар,
«Жоқ» деген сөз анық айтылар.

Оқушы тамақты айтар,
Оқытушы сабақты айтар.

Тебен ұрлап тұтылған,
Түйе беріп құтылған.

Тірегі жоқ бірді жығар,
Тірегі мықты мыңды жығар.

Бөрі азығы боранда,
Жемқордікі – қоғамда.

Сусыз жерде сұлтан болғанша,
Сулы жерде шортан бол.

ЖҰМБАҚ – ЖАУАП

– Көкөніс емес, шөп өнім,
Кесірі қыруар көк өнім...
Жасырын егіп алады,
«Кәсіпкер» одан көп өнімін...
Бұл не?
– Адамға өтіп арзаны,
Азып – тозып ажары,
Бұның көкнәр емеспе,
Бүгінгінің тажалы...
Жатыр ғой болып осыдан,
Талайлардың ажалы...

ДИАГНОЗ

Ұйқының ұйқы бездері жиі зақымданады. Сырақұмарлардың қуық бездері тез көнереді. Өсекші мен өтірікшінің өкпелері жиі қабынады. Бәлекөр мен жалақордың басы жиі ауырады. Жемқор мен парақордың ауыздарындағы сілекей бездерінен сұйықтық жиі-жиі бөлінеді. Өзімшілдің бүйрегі жиі бүлкілдейді. Алаяқ пен қудың сырқаттары кеуделерінде...

– Осылардың бәрін рентген сияқты темір аппаратқа түсірсе, кеселдерін анық көзбен көруге бола ма?

– Бұларды рентгенге түсірмей-ақ, өмірдің өзінен көруге болады.

– Кеселдері емдеуге келе ме?

– Емдеуге келгенде қандай...

– Онда ауру асқынбай тұрғанда алдын алғандары ақыл болар.

– Оны өздері білсін.

ТЕГІН КЕҢЕС

Біреудің толық білмей сырын,
Назыңды оған айтпас бұрын,
Оны білетінімен ойласып ал!
Өмірбақи өмірінде,
Кейбіреудің көңілінде,
Кек сақтайтын қоймасы бар...
Абайларсың!

«ЗАЯВКАНЫҢ» ЗАРДАБЫ

Қыста салқын саятта,
Сыраға берді «заявка...»
Сылқи тойып алған соң,
Әл болмады аяқта.
Суықта қалып сол сорлы,
Сүйеніп қалды таяққа...

ҚЫЗҒАНШАҚ

Кеуделі кісі бар,
Қампиған іші бар.
«Көлемді» болғанымен,
Қуықтай іші тар.

Бек ҚАЗЫ

Су жаңа шежіре

Қасиетті Халық деген атадан нағыз атақты НАРЫҚ деген нар тұлға тарайды. Ол бүкіл әлемді баурап, жер-жаһанды жаулап алған жаңа замандағы жалғыз жеңімпаз жауынгері. Үрім-бұтағы мен ұрпағы өте көп... Ұлтарақтай жерден бастап, ұлан-ғайыр жердің иесі де, киесі де сол. Нарықтан – Банк, Налог, Кредит, Депозит, Дивиденд, Менеджер, Тендер, Инвестиция, Ипотека, Банкрот, Бизнес, Мафия сияқты т.б. ұрпақтар сабақтастығы ұласып кете береді... Нарықтың Баға деген баласынан: Тегін, Арзан, Қымбат деген үш ұрпақ өмірге келген. Үшеуінің тағдыры үш түрлі. Біреуінің өмірі ұзақ болса, бірінің өмірі тым қысқа.

Ел аузында:
Нарықтан қияқ көп,
Тегіннен тұяқ жоқ.
Арзаннан аз қалады,
Қымбатта ұят жоқ – деген сөз бар.

Бұл сөз Нарықтың бір баласы Бағадан үш ұрпақтың болғанын растайды. Тегіннен түк тұяқ қалмай, арзаннан ұрпақтың тым аз қалғаны өкінішті-ақ.

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

BBC NEWS

СУДАН ДАҒДАРЫСЫ: АШТЫҚ, СОҒЫС, БОСҚЫН

Әлем назары Газа секторы мен Украинада. Алайда сол маңдағы халықтан кем емес азап кешіп жатқан Судан елі ұмытылып бара жатқандай. Жуырда БҰҰ ондағы зардап көлемін әлемдегі ең қасіретті көрсеткіш екенін мойындаған болатын. Тіпті босқын мен қаза тапқандар саны көш бастап тұрғанын да жасырмады. Міне, осы орайда ВВС арнасының тілшісі Джеймс Копнелл Судандағы азаматтық соғыс туралы зерттеу жариялап, елдің ертеңі туралы болжам жасапты. Жан-жақты қамтылған материалға шолу жасап көрейік.

Тілшінің аталған мемлекеттегі жағдайға назар аударуына АҚШ тарапының мәлімдемесі түрткі болған. Бірнеше апта бұрын АҚШ-тың Африкадағы өкілі Том Перриелло Судандағы қатығыс масштабы ұлғаятынын мәлімдеген. Айтуынша, Судан қарулы күштері мен жедел әрекет ету жасағы (RSF) арасындағы тартыс көлемі артқан. Бұл саяси көрсеткішке кері әсер етіп, елге гуманитарлық көмектің жетуін тежеуде.

«Бұған дейін сарапшылар әлем елдерінің Судандағы қақтығысты елемей келгенін айтқан. Алайда Перриеллоның мәлімдемесі Батыс елдеріне берілген белгі болатын. Оларға азаматтық соғыс жалғасатын болса, ақыры ұзақ жылдық геосаяси шиеленіс болуы мүмкін екенін меңзеді. Ақпанда Джо Байден Судандағы қақтығысты шешу туралы тапсырма бергелі лауазымды тұлғалар әрекетке көшкенін білеміз. Тіпті Африкадағы өкіл Сауд Арабиясымен келіссөз жүргізуге талпынуда», – деді тілші.

Бейбіт келісім туралы әңгіме көбейген сайын Судандағы қос тарап тартысты үдете түскен. Мысалы, жедел әрекет ету жасағы (RSF) Эль-Фашер қаласын қоршауға алды. Мұндағы халық саны – 3 млн. Сарапшылар RSF шаһарды басып алса, қалада қырғын ұйымдастырып, адамдарды азаптауы мүмкін деп алаңдауда. Оның үстіне, елдегі экстремизм ықпалы көрші Ливияға әсер етіп, Африка тыныштығын бұза ма деген қауіп бар.

Айта кетейік, БҰҰ дерегінше, қазірдің өзінде бақылаусыз аймақта қару-жарақ, есірткі, адам саудасы өршіп тұр. Бұған дейін АҚШ-тың Африкадағы саясатын зерттеу интитутының сарапшысы Кэмерон Хадсон Судан құласа, бар Африка құрдымға кететінін мәлімдеген еді.

«1990 жылдары Суданның диктаторы Омар әл-Башир болды. Оның билік ету кезінде Усама бен Ладен Суданда «Әл-Қайда» (Қазақстанда тыйым салынған ұйым – ред.) ұйымын жетілдірді. Диктатордың кезінде көптеген террористік ұйым елге келіп, Омар әл-Баширдің билігін ұзартуға ықпал етті. Мамандар Судан ланкестердің қолына өтсе, террористердің жаңа лагеріне айналады деген пікірде. RSF көзі ертерек жойылмаса өзге исламистік топтар көмек беруін тоқтатпайды.

2017 жылы жаппай көтеріліс нәтижесінде әл-Башир биліктен кетті. Сәл де болса ел демократияға аяқ басқан болатын. Бірақ 2021 жылы генерал Абдул Фаттах әл-Бархан и RSF басшысы Мұхаммед Хамдан Дагло бірлесіп, уақытша үкіметті басып алды. Кейін екі тарап билікке таласып, арасы ушыға түскен. 2023 жылдың сәуірінде екі тарап бір-біріне соғыс ашып, дүрбелең тудырды», – деді Джеймс Копнелл.

Айта кетейік, биыл маусым айының басында Әл-Жазира аумағындағы «Вад әл-Нура» ауылындағы шабуыл салдарынан кемінде 100 адам қаза тауып, ауылда жаппай қырғын орын алды. Жедел әрекет ету жасағы ауыл халқына қарсы ауыр артиллериялық шабуыл жасап, жүз адамды өлтірген. БҰҰ деректеріне сәйкес, осы уақытқа дейін қақтығыстар салдарынан 15 мыңға жуық адам қаза тауып, 8 миллионнан астам адам босқынға айналды.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2892 **Тапсырыс №944**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА